

ӘОЖ 327(4/9)

Н. Мұқаметханұлы*, А. Алиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: m_nabizhan@mail.ru

Қытай Халық Республикасының Африкадағы сыртқы саясатының концептуалды негіздері

Аңдатпа. Мақалада Қытай Халық Республикасының Африкадағы сыртқы саясатының негізгі қағидаларына және оның даму ерекшеліктерінің сипаты мен негізгі кезеңдеріне сараптама жасалды. ҚХР мен Африка елдерінің өзара қатынастарының қалыптасуы барысындағы негізгі қытайлық жетекшілердің африкаға қатысты қабылдаған концепциялары қарастырылады. Сонымен қатар ҚХР мен Африка елдерінің өзара байланыстарының дамуы барысында қабылданған екі жақты дипломатиялық қатынастарын анықтайтын қағидалар да қарастырылады.

Түйін сөздер: Қытай Халық Республикасы, Африка елдері, сыртқы саясат, дипломатиялық қатынастар, дипломатиялық құжаттар.

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) басшысы Мао Цзедун кезінде Қытайдың әлемдік орны туралы «Қытай қашан да үшінші әлемге жатады, сондықтан бұл біздің сыртқы саясатымыздың негізі. Біз үшінші әлемге мәңгі тән екенімізді айттық, себебі қазір Қытай өзінің кедейлігімен үшінші әлем елдеріне тән және олармен бірдей тағдыр кешеді. Сонымен қатар Қытай дамып мықты елге айналса да, бұрынғыша үшінші әлем елдері болып қала береді. Қытай ешқашан гегемонияға бармайды, ешқашан ешкімді кемсітпейді және қашан да үшінші әлем елдері жағында болады» [1] деген сөзі – Қытайдың сыртқы саясат қағидасы болып белгіленген еді. Қазіргі таңда Қытайдың экономикалық жағдайы өзгеріп, жаһандық ірі державалар қатарына қосылды. Бірақ олар өздерін «үшінші әлем» еліміз, дамушы елміз деген ұстанымынан өзгерген жоқ. Сондықтан болар, олар жаңа ғасырда Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің негізгі серіктес мемлекеттерінің біріне айналды.

ҚХР сыртқы саяси концепциясында Оңтүстік-Оңтүстік линиясы бойынша ынтымақтастық орнатуға үлкен назар аударады. Өйткені оның негізі – Цзян Цзэминь жариялаған

концепцияда: «Қытай – бұл дамушы ел» – деп жазылған, Цзян Цзэминь өзінің «Цзян Цзэминь: қытайлық ерекшеліктегі социализм жөнінде» деген кітабында: «Үшінші әлем елдерімен ынтымақтастық пен топтасуды нығайту – бұл біздің еліміздің сыртқы саясатының іргетасы; Қытай әрқашан дамушы елдерге өз егемендіктері мен тәуелсіздіктерін игеруде көмек көрсетеді және экономика мен мәдениет саласында өзара алмасуларды дамытады» [2] деп көрсетеді.

Африка елдері ірі экологиялық, биогенетикалық әлеуетке ие. Африкалық экваторлық ормандар жер бетінде (ресейлік және латын америкалықтардан кейін) үштен бір бөлігін құрайды. Дүниежүзілік Банк сарапшыларының айтуынша, биогенетикалық ресурстардың 70%-ы Африкада орналасқан. Осының өзі Қытайдың қызығушылығын тудыруы сөзсіз.

Жаһандық үдерістердің дамуында, көптеген сарапшылардың ойынша, әлемдік даму да африкалық фактор ықпалы өсе бермек. Құрлықтағы экологиялық, су, биогенетикалық және шикізат ресурстарын бақылауға деген талас жүріп жатыр. Қытай да осы үдерісте өте белсенді күрес жүргізуде [3].

ҚХР-дың Африкадағы саясатының, яғни

екі жақты қатынастарының тарихы ертеден басталған. Бірақ ҚХР құрылғаннан кейінгі екі жақты қатынастар өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастау алады [4].

1949 жылы 1 қазанда ҚХР құрылғаннан кейін, ҚХР үкіметін алдымен таныған да және дипломатиялық қатынас орнатқан да КСРО бастаған социалистік мемлекеттер болды. Олардың дипломатиялық қатынастары достық сипаттағы ынтымақтастық, одақтастық негізде дамыды [5].

XX ғасырдың 50-70 жылдары қытай-африка қатынастарының орнауы мен даму кезеңі болды. Ол кезде қытай-африка елдерінің екі жақтылы қатынастары өзара мүдде, серіктестік, сауда, әсіресе энергетика және шикізат ресурстарына негізделген колониализм мен неоимпериализмнің араласқан идеологиялық сипатында болды [6]. 1955 жылғы Африка және Азия мемлекеттерінің Бандунг конференциясына дейін, империализм және колониализмге қарсы күресте, қытай-африка партия жетекшілері мен халықтардың арасында белгілі байланыстар болды. Бірақ олардың арасында ақпарат алмасу аз болғандықтан, екі жақты үкіметаралық байланыстар орнатылмады [5, 36-б].

Өткен ғасырдың 50-жылдарының соңынан 60-жылдардың соңында Қытай Гвинеямен, Ганамен, Малимен, Конгомен және Танзаниямен достық туралы шартқа, экономикалық және техникалық салада ынтымақтастық жөнінде келісімге қол қойды. Қытай оңтүстік-африкалық халықтардың тәуелсіздік үшін қарулы күресіне қолдау көрсетті, сонымен қатар Ангола, Гвинея-Бисау, Мозамбик, Зимбабве және Намибия сияқты елдердегі расизммен күресті қолдады. Осы кезеңде Қытай үкіметі Бирма, Непал, Моңғолия, Ауғанстанмен ескі шекараларды анықтаған келісімдерге қол қойылды. Сонымен қатар Пәкістанмен де мемлекеттік шекара келісіміне қол қойылды, Индонезиядағы қытай эмигранттарының қос азаматтық мәселесін де шешті. Сонымен Қытайдың Азия және Африка елдері арасындағы халықаралық қатынастары біршама дами түсті.

Мао кезінде африкалық континент Қытай үшін үлкен маңызға ие болды. Пекин халықаралық қатынастардағы дамушы елдердің өсіп келе жатқан рөлін түсіне отырып, алғашқы кездегі «бір жаққа бағытталған» сыртқы саясатын өзгертті. Мао Цзэдун Замбияның бірінші

президенті Кеннет Каундпен кездескенде «үш әлем» теориясын ортаға қойды. АҚШ пен Кеңес Одағын ол «бірінші әлем» елдеріне, Жапония мен Канаданы және Еуропа елдерін «екінші әлем» елдеріне жатқызды. Ал Қытайды және басқа да дамушы елдерді «үшінші әлем» деп санады. Міне, осы концепция арқылы Қытай Африканың көптеген елдерімен дипломатиялық қатынастарында «жылжу» жасады. Африка және Азияның деколонизациялануынан кейін Қытай дамушы әлемнің потенциалды көшбасшысы, досы болуға талпынды. Өзінің бір сөзінде Мао «Африка – империализммен күресуде маңызды актор» деген болатын және сонымен қатар Қытай континентке «ұзаққа созылған қақтығысқа» көмектесуге дайын екендігін білдірген еді. 1955 жылғы Бандунг конференциясы Азия және Африка елдерінің өзара түсіністік пен байланыстар орнатуына дәнекер болды. Сонымен, Қытай көптеген Азия және Африка елдерімен дипломатиялық қатынас орнатты. Қытайдың дипломатиялық принциптері дамытылып Премьер Чжоу Энлайдың көтерген дипломатиялық «Бес принципі» Үндістан үкіметінің қолдауымен қалыптасты. Қытайдың сыртқы саясатында Бандунгтік конференцияның «рухы» басшылыққа алынды [6, 2-б.].

1956 жылы Қытай алғаш рет солтүстік африкалық мемлекет Египетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Осы жылы Қытай әлемнің 25 елімен дипломатиялық қатынас орнатты. Одан кейін ондаған африка мемлекетімен, атап айтқанда, Марокко, Судан, Алжир, Гвинея, Гана, Мали, Сомали, Уганда, Танзания және Кениямен қатынас орнатты. 1960 жылдың қыркүйек айында Гвинея президенті Ахмед Секу Туре Қытайға сапар шеккен алғашқы африкалық басшы болды. Сонымен қатар 1961 жылы тамыз айында Гана президенті Кваме Нкрума ресми сапармен Пекинге барды.

Содан кейін қытай-африка қатынастары жаңа кезеңге қадам басты, яғни бұрынғы жеке тұлғалар мен партиялар арасындағы қатынастан мемлекетаралық қатынасқа көшті. 60-жылдардың басында қытай-африка қатынастарын нығайтуда екі маңызды фактор себеп болды. Біріншіден, 1963 жылдың желтоқсанынан бастап, 1964 жылдың ақпанына дейін сол кездегі Қытай премьер-министрі Чжоу Энлай қытай-африка қатынастарын нығайту мақсатында Африкаға үш рет сапар шегіп, 11 африкалық

мемлекетке барды [5, 37-б.]. Ол сапар барысында Қытай мен Араб және Африка елдері арасындағы дипломатиялық қатынастарды дамытудың «бес қағидасын» ұсынды:

1) ұлттық тәуелсіздікті алу мен сақтау үшін империалистер, колониалистер және неоколониалистерге қарсы күресте барлық Африка және Араб елдеріне қолдау көрсету;

2) Африка және Араб елдері үкіметтері жүргізіп отырған бейтараптық, ешкімге қосылмау, бейбітшілік саясатын қолдау;

3) Африка және Араб елдерінің өздері таңдаған бірыңғай әрекет пен ынтымақтастыққа ұмтылысына қолдау көрсету;

4) Африка және Араб елдеріне қарамақайшылықтарды бейбіт келіссөздер жолымен реттеулеріне қолдау көрсету;

5) Басқа мемлекеттерден Африка және Араб елдерінің егемендігін сақтауды талап ету және агрессия мен басқа да шетел араласуларына қарсы күресу [3, 279-б.].

1964 жылы қаңтарда Ганада Чжоу Эньлай Африка елдеріне қатысты, Қытайдың экономикалық және техникалық көмегінің 8 қағидасын ұсынды:

1) тең құқылық және өзара пайда жеткізу;

2) егемендікке құрмет көрсету мен ешқандай шартсыз және артықшылықсыз көмек көрсету;

3) пайызсыз несие немесе төмен пайыздық несие беру, қажет болған жағдайда несиені қайтару мерзімін ұзарту;

4) көмек берудегі мақсат ҚХР-ға тәуелді жағдайға жеткізу емес, біртіндеп тәуелсіз экономикалық даму жолына жүруге көмектесу болып табылады;

5) арзан бірақ тиімді объектілер құрылысы;

6) әлемдік нарық бағасына негізделген, келісілген баға бойынша сапалы қытайлық өндіріс жабдықтарын тасымалдау;

7) қабылдаушы ел персоналын техникамен қамтамасыз ету;

8) көмек қабылдаушы ел персоналы мен қытайлық мамандардың еңбек ақыларының теңдігі [7].

Осы қағидалар қытай-африка елдері арасындағы қатынастарының саяси және экономикалық тірегі болды.

Екінші маңызды фактор – 1964 жылы Қытай Халық Республикасын Францияның мойындауы, Африкада француз тілдес елдермен байланыс орнатуға жол ашты. Осылайша, 60-жылдары

ҚХР тағы да 14 африкалық елмен қатынас орнатты, жалпы саны 19 мемлекетті құрады.

Осы кезеңде Қытай үкіметі мен халқы Африка халқына деген үлкен қызығушылығын білдіріп, тәуелсіздіктеріне жету мен оны сақтаудағы күресіне мықты моральдық және материалдық қолдау көрсетіп тұрды.

Африка Теңдік Ұйымының азат ету комитетінің мәліметтеріне сүйенсек, 1971-1972 жылдары Оңтүстік Африка елдеріне (ОАЕ) көрсетілген әскери көмектің 75 пайызы Қытай тарапынан болған екен. Сол кезде Африка елдері Қытайды сенімді досы ретінде қарап, халықаралық аренада бірлескен тығыз ынтымақтастық қатынаста болды. Қытай «Мәдени революцияның» соңғы жылдарындағы қаржы тапшылығына ресурстардың қарамастан, ең амбициозды жобаларының бірі ТАЗАРА (Танзания-Замбия) теміржол құрылысын 500\$ млн қаржы жұмсап, 1976 жылы бітіруі болды. Сонымен қатар Қытай Тропикалық Африка елдеріне медициналық көмек және несиелер беріп, аймақтағы түрлі азат ету қозғалыстарын қаржыландырып отырды. Қырғи-қабақ соғыс кезінде Қытай Африкадағы партизандық және азат ету қозғалыстарына, соның ішінде Алжир, Ангола, Конго, Мозамбик секілді мемлекеттердегі қарулы топтарға әскери көмек көрсетті.

1971 жылғы 25 қазанда БҰҰ №2758 резолюциясы қабылданған, ҚХР «БҰҰ-дағы заңды құқығын қалпына келтіру» оқиғасы – ҚХР-дың континенттегі және бүкіл әлемдегі беделін өсірді. Африка елдері Қытайға БҰҰ-дағы заңды орнының қалпына келуіне үлкен қолдау көрсетті. БҰҰ-да жиналған мүшелердің 76 дауысының 26 дауысы Африка елдерінен болды. Сондықтан Мао Цзедун: «...тек Африкалық достарымыз бізді БҰҰ-ға кіргізді» деп айтқан болатын. Өткен ғасырдың 70-жылдары ҚХР-дың Африка мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастар орнатқан елдерінің жалпы 44 мемлекетке жетті. Ал 80-жылдардың соңында ҚХР Африка елдерінің басым бөлігімен, яғни 51 тәуелсіз мемлекеттің 47 елімен қатынас орнатты. Осыған орай Эфиопия, Сомали, Ангола, Мозамбик және Мадагаскармен қатынастары жақсара түссе, Танзания, Замбия, Заир, Габон, Бенин, Мали, Гана және Гвинеямен ынтымақтастығы қарқынды түсті.

XX ғасырдың 90-жылдары ҚХР Африкаға

бағыттаған сыртқы саясатын белсенді жүргізе бастады. Африка елдеріне жоғары деңгейдегі сапарлары жиіледі. 1992 жылы шілде айындағы Қытай президенті Ян Шанкун сапарында Қытай мен Африка елдері қатынастарын анықтайтын 6 жаңа қағида қабылданды:

1. Қытай Африка елдерін мемлекеттік егемендік және тәуелсіздікті сақтау, сыртқы қолсұғумен күрес жүргізу және экономиканы дамыту істеріне қолдау көрсетеді.

2. Қытай Африка елдерінің тандалған саяси жүйесін және олардың ұлттық жағдайына байланысты даму жолын құрметтейді.

3. Қытай Африка елдерінің африкалық ынтымақтастықты жүргізу мен қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге деген талпыныстарына қолдау көрсетеді.

4. Қытай АБҰ-да (Африка бірлік ұйымы, 2002 жылдан бастап Африкалық Ұйым) африка құрлығындағы тұрақтылықты сақтау және экономикалық интеграция табысына жетуге күш салуын жоғары бағалайды.

5. Қытай африкалық елдердің халықаралық істерде халықаралық қауымдастық пен әлемдік экономикалық, саяси тәртіп орнатуға, толық қанды мүше ретінде қатысуға бағытталған күш салуын қолдайды.

6. Қытай африкалық елдермен достық байланыстарды және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға дайын.

1995 жылы ҚХР-дың Африка елдерімен экономикалық ынтымақтастықтың басымдықтарын қайта қарау мақсатында Қытайдың Африка елдеріндегі елшілерінің арнайы мәжілісі өтті.

Осы кезеңде тәуелсіздіктерін жариялай салысымен Намибия мен Эритрея ҚХР-мен дипломатиялық қатынас орнатты. Сонымен қатар Оңтүстік Африка Республикасымен қатынас орнап, Орталық Африка Республикасымен және Гвинея-Биссаумен қатынастары қайта басталды. Алайда Тайванмен дипломатиялық қатынас орнатқан 6 мемлекетпен, яғни Буркино Фасо, Гамбия, Сенегал, Сан-Томе және Принсипи, Чад және Либериямен қатынастары үзілді. Сонымен, ҚХР 90-жылдардың соңында 53 африкалық мемлекеттің 45 мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын жалғастырды [8].

1996 жылы Цзян Цзэминь африкалық мемлекеттермен достық қатынастарға қол жеткізу мәселесі бойынша бірнеше ұсыныстар жаса-

ды. Біріншіден, шынайы болу, екіншіден, бір-біріне тең құқықты қатынаста болу, үшіншіден, бір-бірінің пайдалары мен мүдделерін өзара құрметтеу, төртіншіден, халықаралық істерде тығыз ынтымақтасып, консультацияларды дамыту, бесіншіден, болашақта да жақсырақ әлем қалыптастыру [2, 284-б.].

ҚХР-дың африкалық елдермен дипломатиялық қатынас орнатуы бүгінгі күнге дейін жүріп жатыр. Мысалы, ҚХР 2003 жылы 11 ақпанда Либериямен дипломатиялық қатынасын қайта қалпына келтірді. Сонымен, Қытай Африкадағы 53 мемлекеттің тек 7 елімен ғана дипломатиялық қатынас орнатпады [8, 41-б.].

Қытай басшылығының төртінші ұрпағының билікке келуімен Африкадағы Қытай саясаты негіздемесіне жаңа қадам жасалды. 2005 жылы Джакартада Азия және Африка елдерінің саммитінде және Бандунг конференциясының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыста ҚХР-дың төрағасы Ху Цзиньтао алғаш рет «гармониялық әлем» құру идеясын пайымдады. Ол: «Азия және Африка елдері түрлі өркениеттер бейбіт өмір сүретін, тең құқылы диалог, ортақ даму және жандану үдерісі іске асырылатын гармониялық әлемді бірлесіп құру идеясын алға жылжыту қажет» деген болатын [7, 91-б.]. Бұл идеяның қайнар көзі Конфуций, Мэнцзы және басқа да ежелгі Қытай ойшылдарының ілімдерінен бастау алады. 2006 жылы Ху Цзиньтао Сауд Арабиясына жасаған сапары кезінде гармониялық әлем құруға қатысты ойларын ұсынды:

1. Бүкіл әлем елдерінің гармониялық өмір сүруін іске асыру үшін күштерді біріктіру қажет. Әлемнің барлық елдері жалпы мойындалған халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың негізгі нормаларын, яғни егемендік пен территориялық тұтастықты өзара құрметтеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, барлық елдер өзінің жеке әлеуметтік құрылымы мен даму жолын таңдау құқықтарын қорғау мен құрметтеу.

2. Жаһандық экономиканың гармониялық түрде дамуын іске асыру үшін ортақ ат салысу қажет. Әлемнің барлық елдері тепе-теңдікке бағытталған әлемдік экономиканың дамуына әрекет жасау үшін тиімді шаралар қабылдауға баса назар аударулары, әлемдік экономиканың дамуындағы дисбаланс мәселелерін жеңілдету мен кедейлікті жоюға күш салу қажет. Әлемнің

барлық елдері аймақтық және жаһандық экономикалық ынтымақтастыққа белсенді жағдай жасау қажет, жаһандық экономиканың дамуындағы пайда болған мәселелерді ортақ күш жұмсай отырып шешіп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек.

3. Әртүрлі адамзат өркениеттерінің гармониялық үдерісін іске асыру үшін күш салысу қажет. Әлемнің барлық елдері әртүрлі өркениеттер жарысы мен салыстыру барысында бір-бірінен жағымды жақтарын үйрену үшін, әлемнің көп алуандылығын және даму моделінің әртүрлілігіне қолдау көрсетіп, тең дәрежеде диалог пен консультацияларды сақтап, ашықтық пен толеранттылық концепциясын дәріптеу қажет [9].

Осы концепция арқылы Қытай өзінің әлемдегі жағымды бейнесін қалыптастыру істерін жүргізуде. Соның бірі өздерін африкалық елдерге жақсы қабылдату үшін, өздерінің дамушы елдермен «міндеттері мен тағдырларының ортақтастығын» уағыздауда. Қытай басшыларының ойынша, бұрынғы уақытта Қытай және Африка елдері Батыс державаларынан қысым көрді және солардың себебінен экономикалары дами алмай қалды. Сондықтан Қытай мен Африка елдері арасында ортақтастық көп, ендеше африкалық мемлекеттер Батыс елдерімен емес, Қытаймен достық қатынастарда болғаны абзал.

Қытай африкалық елдерден түрлі мәселелер бойынша қолдау табу үшін, өзінің серіктестеріне көмек көрсетіп отыруға тырысып келеді. Қазіргі кезеңде Қытайдың Африкада көздегені экономикалық мүдде болып табылады. Қытай зерттеушілерінің ойынша, Қытай көп полності әлем құру және әлемдік істерде инициативаны өзіне алуға жағдай жасайтын даму сатысында тұр [10]. Сондықтан да Қытай үшін әлемдік аренада африкалық елдердің белсенді қолдауы өте қажет. Дегенмен саяси мүдделер де орын алады. Қытай сыртқы ықпалы мен ішкі құрылымы үшін жағымды халықаралық ортаны қалыптастыру мақсатында, әлемдік аренадағы серіктестері мен одақтастары ортасын кеңейтуге мүдделі. Қытай-африка ынтымақтастығы екіжақты байланыстар дәрежесінде де, сонымен қатар халықаралық жаһандық (БҰҰ) және аймақтық ұйымдар (Африкалық Одақ, Батыс Африка мемлекеттерінің экономикалық қауымдастығы және т.б.) шеңберінде жүзеге асырылып жатыр.

Бұл жолда Қытай «қара жұмыспен» айналысуға қорықпайды. Ол елдердің басым бөлігі біршама дамыған және ұлттық бюджеті ірі қытайлық компаниялар бюджетінен аз болуы мүмкін санатқа жататын елдер болып табылады [11]. Алайда серіктес, мүше мемлекеттер арасында Нигерия секілді экономикасы дамушы ірі елдер де бар.

Қазіргі таңда Қытайдың Африка елдерімен өзара қарым-қатынастарды дамыту концепциясындағы әрқандай елдің ішкі жанжалдарына, ішкі істеріне араласпау принципі маңызды рөл атқаруда. Африка елдеріне Батыс елдері мен халықаралық қаржы құрылымдарының көмегіне қарағанда, қытайлық несиелер қосымша шартсыз беріледі. Қытайлықтар ешқашан көмектерін демократия және адам құқықтарына байланыстырмайды. Қытай ынтымақтастықтың экономикалық аспектісіне үміт арта отырып, Зимбабведегі адам құқығының бұзылуы сияқты мәселелерге көңіл аудармайды. Сондықтан Батыс елдеріне қарағанда, Қытаймен ынтымақтастықтың артықшылығы африкалықтарға айқын білінеді. Мәселен, қытайлық зерттеуші – африкалық Лю Хун'у: «Батыспен басқарылған, әлемдік жүйеде маргинал ретінде саналған Африка қытайлық дипломатияда ортақ орынға ие. Қытай-африка қатынастары Қытайдың сыртқы әлеммен қатынас жүйесіне көмектескен тірек нүктесі болды, олар Қытайдың халықаралық мәртебесін көтеру мен дипломатиялық ортасын жақсартуда орны толмас рөл атқарады» [7, 111-б.], – деп санайды. Осындай саясат африкалық ортада жағымды пікірге ие. «Менде жақсы сезіну бар, себебі Қытай Батысқа қарағанда бізге әділетті қарайды» деп Судан Президенті Омар Башир журналистер алдында айтқаны соны көрсетеді [12]. Қытайда африкалық елдерге қатысты тек бір ғана шарт бар, яғни оның серіктестері «Бір Қытай» принципін қолдаса болғаны. Өйткені ол Қытайға Тайваньның бірігуін жүзеге асыратын принцип болып табылады.

Қытай-африка қатынастарындағы бір ерекшелік – институализация (чжидухуа). Ол ынтымақтастықтың мақсаты мен бағыты бойынша Сыртқы істер министрлерінің жүйелі түрдегі консультация механизмі, оны қытай-африка ынтымақтастығы Форумының құрылуынан байқауға болады [7, 101-б.]. Қытай Африка елдерімен қарым-қатынастарын нығайтып,

аймақтағы ықпалын күшейтудің құралы ретінде, «жұмсақ күш» (жуань шили) деп аталатын «материалдық емес, саяси идеалды» да қолдануда. Өйткені «жұмсақ күштің» өнімділігі зорлықты күштен әлде қайда басым болып келеді.

Қытайдың Африкаға бағыттаған саясатының жемісті болуы – қытай және африкалық мамандардың ғылыми зерттеулерінен бөле қарауға болмайды. Қытайда Африка мәселелерін зерттеумен айналысатын ғалымдардың саны соңғы уақытта қатты өсіп келеді. Цзян Цзэминь: «Соңғы жылдары мен Африканы зерттеуге зор маңыз берудің қажет екенін бірнеше рет қайталадым. ҚКП ОК мен Мемлекеттік Кеңес осы жұмысқа барынша қолдау көрсетуі керек» [7, 108-б.], – деген болатын. Содан болар, қазіргі кезеңде қытайлық африкалықтар Сыртқы істер министрлігіне консультация беріп отырады, Африка мәселелері бойынша халықаралық конференциялар ұйымдастырып, африкалық зерттеу институттарымен ынтымақтасып жұмыс істеп келеді. Қытайдың түрлі университеттерінде, яғни Нанкин, Юньань, Шанхай педагогикалық және Сянтань университеттерінде Африканы зерттеу орталықтары құрылды. Осы орталықтардың зерттеушілері шетелдік басылымдарда Қытайдың сыртқы саясатын үгіттейтін материалдар жариялап, Қытайдың әлемдегі жағымды бейнесін қалыптастыруда белсенді жұмыс жасауда.

Осы арада, Африкадағы Қытай саясатын АҚШ және КСРО-ның Африкадағы саясатымен салыстырып қарайтын болсақ, олардың айырмашылығын айқын байқаймыз. Қытай КСРО ыдырағаннан кейін Африкада пайда болған бос кеңістікті толықтырды. АҚШ болса, XX ғасырдың 90-жылдарында өзінің басты назарын ТМД елдеріне аударды да, бұл аймаққа көп көңіл бөлмеді. Осы орайды Қытай дер кезінде пайдалана білді және зор табысқа қол жеткізді. Сонымен, Қытай Африка құрлығында АҚШ-пен де, Батыс елдерімен де бәсекелестік жағдайға жетті. Сондықтан Қытай қазіргі таңда Африка құрлығындағы бірер мемлекет емес, бірнеше мемлекеттермен стратегиялық серіктестік қатынасты дамытуға ұмтылуда. Осыдан-ақ болашақта Қытайдың Африкадағы ықпалының арта түсе-

тіні және оның стратегиялық мүддесінің көлемі кеңейе түсетінін болжауға болады.

Әдебиеттер

1 Дюшебаев А. «Побеждать, не сражаясь» – основа китайской внешней политики. 01.02.2010. // <http://www.easttime.ru/analytic/2/8/750.html>

2 Галенович Ю. М. Наказы Цзян Цзэминя: принципы внешней и оборонной политики современного Китая. – М., 2003. – С. 269.

3 Ло Цзянбо. Интеграция Африки и китайско-африканские отношения (Фэйчжоу итихуа юй Чжун-Фэй гуаньси). – Пекин. – 2006. – С. 278.

4 Малевич Ю.И. Проблемы внешней политики Китайской Народной Республики. – Минск 2009. – С. 141.

5 Хе Венпин Китай - Африка: полвека сотрудничества при «любой погоде» и его новые ориентиры как отклик на вызовы XX века // Азия и Африка сегодня. - 2002. - N12. – С.32.

6 Пара слов о китайско-африканских отношениях // <http://magazeta.com/china/2010/07/03/usa-china-afric/>

7 Соловьева Т.М. Исторический опыт международного сотрудничества Китайской Народной Республики и стран Африки во второй половине XX – начале XXI вв. Дисс. на соис. уч. ст. канд. ист. наук. – М., 2009. – С. 51.

8 Дегтерёв Д. – Китайская экспансия в Африку: «свято место пусто не бывает»? // Азия и Африка сегодня. – 2005. – N2. – С. 34.

9 Выступление Ху Цзиньтао на Консультативном совете Саудовской Аравии. 04.23.2006. // <http://www.fmprc.gov.cn/rus/wjb/zzjg/xybfs/gjlb/1409/1411/t248530.htm>

10 Свешников А. А. Концепции КНР в области внешней политики и национальной безопасности // Китай в мировой политике. – М., 2001. – С. 133-135.

11 Пономаренко Л.В., Титов В.П. Китай – Африка – Россия: феномен мировой политики XXI века. – М., 2008. – С. 131.

12 Усубалиев Э.Е. Успехи КНР в Африке. 03.03.2007 // <http://www.easttime.ru/analytic/3/8/116.html>

Н. Мукаметханұлы, А. Алиева

Концептуальные основы внешней политики Китайской Народной Республики в Африке

В данной статье приводится анализ основных принципов и характерных особенностей развития внешней политики КНР в Африке. Рассматриваются концепции китайских лидеров, которые были приняты во время развития взаимоотношений Китайской Народной Республики со странами Африки. А также рассматриваются принципы определяющие двусторонние дипломатические отношения, которые были приняты во время развития взаимоотношений КНР со странами Африки.

Ключевые слова: Китайская Народная Республика, Африканские страны, внешняя политика, дипломатические отношения, дипломатические документы

H. Muhametkhanuly, A. Aliyeva

Conceptual bases of foreign policy of the People's Republic of China in Africa

This article provides an analysis of the basic principles and characteristics of the development of China's foreign policy in Africa. Also considers the concepts of Chinese leaders have been taken during the development of relations between the People's Republic of China and African countries. And also considers the principles defining bilateral diplomatic relations which were accepted during development of relationship of the People's Republic of China with the countries of Africa.

Keywords: People's Republic of China, African countries, foreign policy, diplomatic relations, diplomatic documents